

08.09.2023ж. күні «Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырыс болып өтті.

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері

**Күн тәртібінде:**

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген 2017жылғы № 355 «Қамқоршылық кеңестің» жұмысын ұйымдастыру ережесімен, мақсат – міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру;
2. 2023-2024 оқу жылына «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін сайлау;
3. «Қамқоршылық кеңестің»жұмыс жоспарын талқылау, хатшысын сайлау;
4. Сенбі күнге сабақ жүргізуді енгізу туралы

**Тыңдалды:** 1-мәселе

**Сөйледі:**

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысын мектеп директоры Г. Нұрмағамбетова бастап берді. Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша Әлеуметтік педагог С.Жайлауқызы сөз алып, жиналысқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігінің 2017 жылдың 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарату мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

1. Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
2. Жалпы білім беру ұйымының материалдық – техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.
3. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
4. Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.
5. Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.
6. Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.
7. Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына, сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

**Тыңдалды:** 2-мәселе

**Сөйледі:**

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша Әлеуметтік педагог С.Жайлауқызы Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігін, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті. Қамқоршылық кеңестің бұрынғы мүшелеріне 3 жыл өтуіне байланысты Қамқоршылық кеңес мүшелері өзгертілуі қажеттігін атап айтты.

Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Макашова А

Қамқоршылық кеңес төрайымының орынбасары: Білэл Н

Хатшы: С.Жайлауқызы

Қамқоршылық кеңестің мүшелері: 1. Нурумова Г

2. Ақжігітова Г

3. Изъядинқызы С

4. Байзахова А

5. Бапанова Г

**Тыңдалды:** 3-мәселе

Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары талқыланып, жасақталды. Хатшысын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру арқылы Әлеуметтік педагог С. Жайлауқызы хатшы болып тағайындалды.

**Тыңдалды:** 4-мәселе

**Сөйледі:**

**Б.Сельбаева:** Сенбі күнге сабақ өткізу туралы "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығына сәйкес Гимназия мен лицейлерге білім алушылардың тандауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен, сондай-ақ әр сыныпқа үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 ставкада, сондай-ақ шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді. Факультативтік сабақтар және тандау бойынша курстар топтарда 10-нан астам адам болған жағдайда өткізіледі, -деп көрсетілген. Мектеп ғимаратының тарлығына және ата-ана сұранысы мен мұғалімдердің келісімі бойынша сенбі күнге сабақ өткізуді жоспарлап отырмыз. 5-сыныпта Орыс тілі -Д.Ибраева, 6-сыныпта Домбыра-Ж.Меңдібай, 7-сыныпта Робототехника -Н. Сенғалиев, 8-сыныпта Гүлстан- Ә.Қали., 9-сыныпта Туристік өлкетану - А. Мұстафин 10-сыныпта Дебат - Р.Есболаев үйірмелері бар. Сенбі күнге өткізу, өткізбеуді шешіп беруіңізді сұраймын.

**Сөйледі:**

**А.Макашова :** үйірмелердің барлығы сенбі күнге қойылады ма?

**Б.Сельбаева** – кабинеттің жоқтығына байланысты 6 үйірме сабағы мен дене қосымшаларын сенбі күнге қоюды жоспарлап отырмыз.

**Г.Ақжігітова:** Сенбі күні де сабақ 8де басталады ма, тасымал болады ма?

**Б.Сельбаева** – сенбі күні сабақ 9:00де басталады, тасымал екі бағыт бойынша да жүргізіледі. Оқушылар еркін формамен сабаққа келсе болады

Қамқоршылық кеңес мүшелері бірауыздан келісім берді.

#### **Шешімі:**

- 1.Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес «Шетпе гимназиясы» КММ –де құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын;
2. Кеңеске жаңа мүшелерді тағайындауға аудандық ББ-не сұраныс жіберілсін;
3. Мектеп ғимаратының тарлығына байланысты, балалардың қажеттілігіне қарай сенбі күнге сабақ жүргізілсін;
- 4.Сабақ кестесін жасау, оқушылардың қатысын қадағалау ҚББП Б.Сельбаеваға міндеттелсін;

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  А.Макашова

Хатшы



С. Жайлауқызы